

KASE АПТАЛЫҒЫ

03–07 Қараша, 2025

KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- KASE KASE Индексінің өкілдік тізіміне кіретін акциялардың параметрлерін [өзгертеді](#).
- KASE-де "Қазақстандық Тұрғын үй Компаниясы" АҚ [KZ2C00014769](#) (KZIKb42) және "Онлайн ҚазҚаржы МҚҰ" АҚ [KZ2C00010833](#) (MFOKb27) облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
- KASE-де "Қазақстан Халық Банкі" АҚ [KZ2C00011468](#) (HSBKb21) облигацияларымен және Netflix, Inc. [US64110L1061](#) (NFLX_KZ) жай акцияларымен сауда-саттық тоқтатылды.
- "Goldfinmarket" Ломбарды" ЖШС [KZ2P00014269](#) (MFLGb18) облигациялары "таза" бағамен сауда-саттық тәртіптемесіне ауыстырылды.
- KASE Директорлар кеңесінің бюджет және стратегиялық жоспарлау жөніндегі [комитетінің](#) құрамы өзгертілді.
- KASE Директорлар кеңесі "КМФ Банк" АҚ-ны "валюталық" санаты бойынша KASE мүшелігіне қабылдау туралы шешім [қабылдады](#).
- "Amaranth Capital" АҚ валюта нарығының клирингілік қатысушысы мәртебесін [берді](#).
- KASE сауда-саттық жүйесі мен деректер базасында SPDR Bloomberg Barclays 1-3 Month T-Bill ETF US78468R6633 (BIL_KZ) ETF қорының атауы [өзгертілді](#).
- KASE сауда-саттық жүйесі мен деректер базасында "R-Finance" микроқаржы ұйымы" ЖШС KZ2P00012271 (MFRFb15) облигацияларының түрі мен айналым мерзімі туралы ақпарат [өзгертілді](#).

ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қазақстан Қаржы министрлігі 56,7 млн МЕОКАМ [KZK200000778](#) (MOM060_0055), 34,2 млн МЕУКАМ [KZKD00001285](#) (MUM084_0020), 64,4 млн МЕУКАМ [KZKD00001269](#) (MUM120_0020) және 66,0 млн МЕУКАМ [KZKD00000477](#) (MUM192_0001) орналастырды.
- "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ KZ2C00011997 (KFUSb73) облигацияларын орналастыру арқылы 9,5 млрд теңге [тартты](#).
- "РЕСПУБЛИКА" ҚАРЖЫ ХОЛДИНГІ" АҚ 1,2 млрд теңге сомасына өзінің 80 000 KZ1C00015171 (FHRP) жай акциясын кері [сатып алды](#).
- Еуразиялық Даму Банкі KZ2D00015401 (EABRb57) облигацияларын орналастыру арқылы 494,7 млн рубль [тартты](#).

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- "Қазақстан Халық Банкі" АҚ "АЛМЭКС" Холдингтік тобы" АҚ хабарламасына қатысты ақпарат [берді](#).
- "Эйр Астана" АҚ Boeing компаниясымен 15 Boeing 787-9 Dreamliner ұшағын жеткізуге келісімшартқа қол қойылғанын [хабарлады](#).
- "Алтыналмас АҚ" АҚ қатты пайдалы қазбаларды барлауға лицензия [алды](#).
- "ForteBank" АҚ Директорлар кеңесі мерзімсіз облигациялар шығару параметрлерін [нақтылады](#).

07.11.2025

Трендтер (%)

KASE Индексі 6 955,48 -2,5 -1,7


Өтімділіктің бірінші сыныбы Бағасы Δ 7к Δ 1а

АО "ForteBank"	13,6	19,5	-	9,8
Apple Inc.	275,0	4,8		7,3
АО "KM GOLD"				
	68,1	1,6		3,2
АО "Банк ЦентрКредит"	5 060,0	0,3		1,2
Bank of America Corporation	53,1	0,2		5,7
АО "Кселл"	3 360,0	0,2		1,2
AT&T Inc.	25,0	-	0,2	- 5,1
АО "KEGOC"	1 411,8	-	0,6	- 4,7
АО "Казактелеком"	38 250,0	-	0,7	- 3,4
АО "Эйр Астана"	862,0	-	0,9	- 6,7
АО "Национальная компания "КазМунай"	22 143,0	-	1,1	- 0,9
Pfizer Inc.	24,2	-	1,5	- 8,2
АО "КазТрансОйл"	827,9	-	1,9	- 4,5
АО "Народный Банк Казахстана"	342,0	-	2,3	- 6,2
АО Kaspi.kz	39 900,0	-	3,6	- 11,1
Microsoft Corporation	497,0	-	4,0	- 5,9
PayPal Holdings Inc.	65,1	-	5,3	- 11,4
Tesla, Inc.	427,0	-	6,2	- 4,7
Intel Corporation	37,2	-	7,1	- 0,6
АО "Национальная атомная компания "К"	28 100,0	-	8,0	- 2,4
NVIDIA Corp.	180,9	-	11,5	- 2,8
Advanced Micro Devices, Inc.	226,0	-	12,2	- 5,3
Freedom Holding Corp.	139,2	-	12,3	- 19,5


Анықтама: жасып түспен индекстік акциялар белгіленген

KASE Индексінің акциялары

Сауда-саттық көлемі, млн теңге (←) KASE Индексі (→)



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



Қазақстандық қор нарығындағы акциялардың көпшілігі өткен аптада теріс аймақта саудаланды. Аптаның соңына қарай KASE Индексі 7 000 тармақ белгісінен төмен түсіп, жұма күнгі сауда-саттық қорытындысы бойынша 6 955,48 пункт деңгейінде жабылды.

Осу көшбасшыларында – акциялары бір акцияға 5 059,99 теңге белгісіне дейін 0,3 %-ға шамалы өскен қаржы секторының өкілі ЦентрКредит Банкі. Сектордың басқа ойыншыларының акциялары – Halyk Bank және Kaspi.kz, сәйкесінше 2 % және 4 % бағасын жоғалтты. Halyk Bank "АЛМЭКС" Холдингтік тобы Halyk Bank акциялары мен ЖДҚ өтімділігін арттыру мақсатында бірқатар балама нұсқаларды, соның ішінде капитал нарықтарындағы өз үлесін ішінара сатуды қарастыратынын хабарлады. Бұл ретте АЛМЭКС акциялардың бақылау пакетін сақтап қалуға және Halyk Bank тұрақты даму бағытын жалғастыруға ниетті.

Финтех компаниясы Kaspi.kz 10 қарашада компанияның 2025 жылдың 3 тоқсаны мен 9 айындағы қаржылық нәтижелерін жариялау бойынша конференциялар өтетінін хабарлады.

"Қазатомөнеркәсіп" ҰАК жай акциялары уран нарығындағы фьючерстер бағасының төмендеуі аясында 8 %-ға төмендеді. Дегенмен, компания ағымдағы жылдың 9 айында өндірістік нәтижелерді жариялады, оған сәйкес өндіріс көлемі 12 %-ға 18 709 тоннаға дейін, ал сату көлемі 10 %-ға 12 776 тоннаға дейін өсті. Бұл ретте, 3 айдағы сатудың орташа бағасы бір фунт үшін 1 %-ға 68,78 долларға дейін өсті, орташа спот бағасы бір фунт уран үшін 76,28 долларды құрады.


Шикізат секторындағы басқа компаниялардың акциялары да теріс динамиканы көрсетті. ҚазМұнайГаздың жай акциялары апта қорытындысы бойынша 1 %-ға, ҚазТрансОйл жай акциялары 2 %-ға төмендеді.

Өткен аптада байланыс саласының акциялары өте бейтарап сатылды. "Қазақтелеком" жай акцияларының бағасы 0,7 %-ға шамалы төмендеді, ал Кселлдің жай акциялары 0,2 %-ға өсті.


Эйр Астана ұлттық тасымалдаушысының акциялары Апта қорытындысы бойынша 1 % жоғалтты. Айта кету керек, компанияның ағымдағы жылдың тоғыз айындағы қаржылық есептілігі 11 қарашада жарияланады деп күтілуде. Сонымен қатар, авиакомпания Boeing компаниясымен 15 Boeing 787-9 Dreamliner ұшағын жеткізуге келісімшартқа отырғанын хабарлады.

Ақша нарығында Апта қорытындысы бойынша TONIA бір күндік репо тарту мөлшерлемесі жылдық 17,00 %-ға дейін төмендеді. Бір күндік валюталық своп операцияларының бір аптадағы кірістілігі жылдық 9,36 %-ға дейін төмендеді.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері



Тәуекелсіз қысық кірістілігі



Қазан айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 3,5 %-ға, АҚШ доллары үшін 529,96 теңгеге дейін нығайды. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі бір айда 248 млн АҚШ долларынан 271 млн АҚШ долларына дейін ұлғайды. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 6 млрд. АҚШ долларын құрады.

Қазан айында Ұлттық қордан валютаны сату 660 млн АҚШ долларын құрады, бұл республикалық бюджетке трансферттер бөлуді, сондай-ақ "Талдықорған-Үшарал" магистральдық газ құбырын салу жөніндегі инфрақұрылымдық жобаны қаржыландыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Ұлттық қордың сату үлесі жалпы сауда-саттық көлемінің 11 % немесе күніне шамамен 30 млн АҚШ долларын құрады.

Күтілетін фискалдық түсімдерді ескере отырып, Үкіметтің алдын ала болжамды өтінімдері бойынша республикалық бюджетке трансферттер бөлуге қарашада Ұлттық Банк Ұлттық қордан 600-ден 700 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатуды күтеді.

Айналау операциялары аясында қазан айында 475 млрд теңге стерилизацияланды. Осы мақсатта қараша айында 475 млрд теңге баламасында валюта сатылады деп күтілуде. Сонымен қатар, алтын бағасының айтарлықтай өсуі аясында айналау шеңберіндегі өтімділікті алу көлемі алтын сатып алу жөніндегі операцияларға байланысты теңгелік эмиссия көлемінен артта қалып отыр. Ағымдағы жылдың басынан бері жинақталған алынбаған өтімділікті ескере отырып, айналау операциялары шеңберінде IV тоқсан ішінде 1,4 трлн теңге баламалы сомаға шетел валютасын сатуды жүзеге асыру жоспарлануда.


Ұлттық банк қазан айында валюталық интервенциялар жүргізген жоқ.

Квзимемлекеттік сектор субъектілерінің валюталық түсімнің бір бөлігін міндетті сату жөніндегі норма шеңберінде өткен айдың қорытындысы бойынша валюталық түсімді сату көлемі шамамен 279 млн АҚШ долларын құрады.

Бұрын айтылған жоспарға сәйкес, БЖЗҚ валюталық активтерінің үлесі шамамен 40 % құрайтынын ескере отырып, Ұлттық Банк қазан айында зейнетақы активтерінің инвестициялық портфеліне АҚШ долларын сатып алуды жүзеге асырмады. Қараша айында валюта сатып алу да жоспарланбаған.


Шетел валюталарының бағамы

динамикасы
Δ %, база (01.01.24)



Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.

Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс
		7к	1а	1ж	
 S&P 500	6 728,80	-1,6	-0,4	12,7	-1,7
 Dow Jones	46 987,10	-1,2	0,8	7,4	-1,3
 PTC	1 151,93	17,3	16,4	33,3	
 MMBБ	3 123,43	23,7	21,9	16,1	
 Hang Seng	26 241,83	1,3	-2,2	25,2	1,1
 SS CSI 300	4 678,79	0,8	0,8	12,9	0,5
 Euro Stoxx 50	5 566,53	-1,7	-1,5	14,7	-1,7
 FTSEuroFirst	6 294,50	-1,1	-0,2	15,0	-1,0
 FTSE 100	9 682,57	-0,4	1,4	18,9	-0,5
 KASE	6 955,48	-2,5	-1,7	31,6	

Шикізат нарығы

07.11.2025

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	63,63	-2,2	-4,0	-15,9
Мұнай (WTI)	59,75	-2,0	-4,5	-17,4
Табиғи газ	4,32	4,6	29,5	60,2
Мыс	495,70	-2,6	-2,7	11,9
Темір	799,50	-2,4	0,0	1,4
Алтын	4 001,26	0,0	-1,0	48,2
Күміс	48,14	0,0	-1,7	51,1
Астық	527,75	-1,2	4,0	-7,7

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

	Валюта	Болжам	Алдыңғы
13.11 ЖІӨ (ж/ж) (3 тоқс.)	GBP		1,4%
13.11 ЖІӨ (а/а) (қырк.)	GBP	0,0%	0,1%
13.11 Тұтыну бағаларының базалық индексі (ТБИ) (а/а) (қаз.)	USD		0,2%
13.11 Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (а/а) (қаз.)	USD		0,3%
13.11 Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (қаз.)	USD		3,0%
13.11 Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғашқы өтінімдердің саны	USD		218K
13.11 Шикі мұнай қоры	GBP		5,202M

Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

	Мәні	Күні	Алдыңғы ай
Жылдық инфляция	12,6%	01.11.25	12,9%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	60,7	01.11.25	57,4
Ақша базасы, млрд KZT	14 344,2	01.10.25	15 067,9
Ақша масса, млрд KZT	48 139,4	01.10.25	47 618,4


Қазақстанның несие рейтингі

	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
S&P Global	BBB-/A-3 позитивті	22.08.25	BBB-/A-3 тұрақты
MOODY'S	Вaa1/тұрақты	01.10.25	Вaa2/позитивті
FitchRatings	BBB/тұрақты	15.07.25	BBB/тұрақты

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, А15G7M6,
Алматы қ., Байзақов көшесі, 280-үй, Almaty Towers
көпфункционалды кешенінің солтүстік мұнарасы, 8-
қабат

Тел.: +7 (727) 237 53 23
+7 (727) 237 53 28



KASE



FAQ

in



f



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.

KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламған жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.